

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



**«ЗАМАНАУИ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ  
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТҮЛЕКТІҢ  
ҚҰЗЫРЕНТТІК ҮЛГІСІ»**

атты XLIII ғылыми-әдістемелік конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

17-18 қаңтар 2013 ж.

5-кітап




**МАТЕРИАЛЫ**  
XLIII научно-методической конференции  
**«КОМПЕТЕНТНОСТНАЯ МОДЕЛЬ  
ВЫПУСКНИКА В СИСТЕМЕ  
СОВРЕМЕННОГО НЕПРЕРЫВНОГО  
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»**


17-18 января 2013 г.

**Книга 5**


Алматы 2013





№13 слайд



№14 слайд



№15 слайд



Корыта келе айтарымыз, қазақ әдебиеті пәнін оқытудың катып қалған әдістемесі жок. Эту сабак өзіне тән әдістемелік деңгейде жүргізілетін бәрімізге белгілі. Мысалы, белгілі-бір тақырып бойынша бір шығарманы қарастыруға болады. Сол мәтін шенберінде арнайы жана сөздерші түсіндіріп, бірнеше жаттыгулар жасап, студенттерге екеуара диалог құрастыртып, мазмұнда, шағын шығарма жаздыру сияқты әртүрлі тапсырма беріп, орындатуруға болады.

**Г.Е. Сапаева**

### **ӨЗГЕ ТІЛДІ АУДИТОРИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ РӨЛІ**

Тәуелсіз елімізде қазақ тілі-мемлекеттік тіл болғандықтан шетел азаматтарын оқытуда қазақ тілін оқыту зор маңыза ие. Шетел азаматтарына қазақ тілін оқытудың әдістері мен талаптары өзгеше болады. Ондағы мақсат тыңдаушыларды қазақша сөйлей білуге, сауатты жазуға, өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету, тілді менгерту арқылы жүзеге асырылады. Қазақ тілі сабағының тартымды да қызықты, сапалы өтіү тікелей үстаз шеберлігіне байланысты. Сондықтан да шетел тыңдаушыларының білімге деген қызығушылығын арттыру мақсатында сабакта көптеген сынактар, сыйыстар, ойындар және тест түрлері өткізіледі. Тыңдаушылардың білімін тексерудің ғылыми формасы ретінде педагогикалық тест тәжірибеде пайдаланылып келеді. Қун сайын білімнің құны арта түскендіктен, осыған сәйкес білімді бағалаудың ролі де күшөюде. Оның түрлі жолдары бар. Баршаға белгілі жүйе тестілеу әдісі. Кейбіреулер тестілеуді адамның білім деңгейін әділ ері керекті деңгейде көрсетсе алмайды десе, енді біреулері осындай ақпарат заманында тест керек деп алға тартады. Әрине, тест ең керекті ақпаратты береді. Тест жасаудың өзіне тәжірибе мен білім кажет. Қазіргі кезде тест (агылышынша test - сынак) деп белгілі бір мазмұны бар, ерекше формадағы тапсырмалардың жүйесі болып табылады. Баска сынак түрлерімен салыстырғанда тесттің артықшылығы оның объективті, сенімді, көп вариантылығы. Әбрір тапсырушы белгілі бір уақыт ішінде күрделілігі мен көлемі бірдей тапсырма алады. Тестті алу тек бақылау ретінде емес, тыңдаушыларды үйрету, машықтандыру үшін де тиімді. Менінше, тест өте жақсы әдістердің бірі. Алайда, еліміздегі тест жүйесін әлі де пысықтау қажет. Болашакта әр деңгей бойынша әлемдік стандарттар талабына сәйкес келетін тест түрлерін дайындаپ (мысалы TOEFL), қазақ тілін үйренушілердің білім дәрежесін көтеру қажет деп есептеймін.

#### **Тест түріндегі тапсырмаларға қойылатын талаптар:**

1. Тұжырымының логикалық түрде берілуі;
2. Қалыптың дұрыстығы
3. Қыскалығы
4. Жауптарға арнайы орын берілуі
5. Тапсырмалардың дұрыс орналасуы
6. Жауптарды бағалау ережесінің бірдейлілігі.

#### **Тестті құрастыру талаптары:**

1. Тестінің оку бағдарламасы негізінде құрастырып, негұрлым маңызды тараулар мен тақырыптар қамтылуы тиіс;
2. Тесттің көлемі білімді бақылаудың мақсаттарына сай тапсырманың түріне байланысты болады;
3. Тесттің бірнеше нұсқасын әзірлеу қажет
4. Тестке бірнеше сұрақтар мен тапсырмалар енеді, олардың әрқайсысы дұрыс жауапқа бір балл, бұрыс жауапқа нөл бағалануы тиіс.
5. Тест сұрақтарына жауап қыска, жинакы берілу қажет.

#### **Тесттің құру кезеңдері:**

1. Тестілеудің мақсатын анықтау;
2. Осы мақсаттарға сүйене келе, бақылануға тиісті білім көлемін белгілеу;
3. Тест түрін таңдау;
4. Тест мазмұнын құру;
5. Тест орындауга керекті уақытты есептеуден тұрады.

#### **Тесттің түрлері:**

##### **Толықтыруды қажет ететін тесттер.**

Мәтінде сөздердің, сөйлемдердің жазылуында керекті сөздерді қоятын ашық орын қалдырылады. Сөйлемдердің кейбір сөздері немесе тіркестері түсіп қалады. Түсіп қалған сөздер номірмен соңынан беріледі. Сөйлем аяқталмағандықтан соны толықтыру қажет. Мысалы:

- |                              |             |
|------------------------------|-------------|
| 1. Студенттер оқуға .....    | 1.дәрісхана |
| 2. Дәрісханаада .....бар     | 2.басталды  |
| 3. Студенттер .....отыр      | 3.келді     |
| 4. Университетте сабак ..... | 4.такта     |
| 5. Терезеде ..... түр        | 5.гүлдер    |

#### **Еске салуышы тесттер**

Тест сұрағына жауап қандай да бір факті, заң магынасы, ережелер болады. Мұнда нақты қойылған сұраққа бір жақты жауапты білу тексеріледі. Мысалы: Зат есім, сын есім, сан есімнің орнына қолданылатын сөз табын көрсету

А) етістік

Ә) есімдік

#### **Балама жауаптары бар тесттер**

Қандай да бір шешімнің дұрыс немесе бұрыс екенін табу керек. Жауап бергенде «ия» немесе «жоқ» сөздері жазылып, тапсыруышы осының біреуін ғана таңдай алады. Мысалы:

Қант ақ па? ( ия, жоқ)

Мысық үреді ме? (ия, жоқ)

#### **Таңдалмаған тесттер**

Бірнеше жауаптардың ішінен дұрыс біреуі таңдалады. Жауаптар саны үшеуден кем болмауы тиіс. Мысалы:

- |                  |                      |
|------------------|----------------------|
| Жазда не піседі? | Kім дүкенде істейді? |
| А) күн           | а) суретші           |
| Ә) наң           | ә) сатушы            |
| Б) жемістер      | б) дәрігер           |

#### **Қосымшалы тесттер.**

Қазақ тілінің жалғамалы ерекшелігін тыңдаушылар (шетелдік) менгерді ме, жоқ па деген саяулға жауап іздеңде колданылатын тест түрі. Мысалы:

Көп нүктенің орнына көптік жалғаулырын қой

1. Балық (лар)
2. Гүл (лер)
3. Студент (дар)
4. Кілт (дер)
5. Қызы (тар)
6. Дәптер (тер)

#### **Жұмбақ тесттер.**

Тілдегі сөздерді, олардың мағынасын, қолдану аясын жете білүмен байланысты тындаушының (шетелдік) логикалық мүмкіндігін білдіреді. Мысалы:

Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тоңады (кар)  
Шыр шыр етеді, құлағыңнан өтеді (телефон)

**Өлишемдік тесттер** – тындаушының білім дәрежесін тексеру үшін жүргізіледі. Мысалы:

Қазақ алфавитінде неше әріп бар?

- A) 33
- Ә) 42
- Б) 26
- В) 45

**Бірнеше дұрыс жауап таңдалатын тесттер.**

Білімді толығырақ, теренірек бағалайды және технологиялық жағынан тиімдірек. Мәселен берілген тапсырманың ішінде бір, екі, уш не одан да көп дұрыс жауабы болуы мүмкін тапсыра ұсынылады. Мысалы: Нұсқауда барлық дұрыс жауапты белгілеу керек.

Зат есім бола алатын сөздер:

- 1) апар, 2) ожау, 3) уыз, 4) тез, 5) тырнақ,
- 6) тырнау, 7) сұық, 8) тырма, 9) қалың, 10) тор.

Студенттерді қазак тілі пәні бойынша дайындағанда, алдымен фонетика, лексика, морфология, синтаксис бөлімдерінен өткен барлық материалдарды оқыту, талдау, сараптау, жазба жұмыстары, әр түрлі бақылау тәсілдері арқылы бағдарламаны толық менгерту қажет. Білім сапасының қаншалықты нәтижелі деңгейде екенін білу үшін, апта сайын мониторинг арқылы сараптаймын. Тест жинақтарында берілген варианттарды жаттаудың ешбір қажеті жоқ. Жаттау арқылы нәтижеге жетем деушілік, уакытты бос өткізгендемен бірдей. Сондықтан пән мұғалімдері тақырып бойынша оку материалдарын оқып, талдап, түсіну арқылы ғана білім сапасын арттыруға болады.

Бірыңғай үлттық тестілеуге дайындаудың үш жолы бар:

Біріншіден: алдымен оқытушы өз пәнін жетік білетін маман болу керек;

Екіншіден: студент материалды менгеруді тесті жаттау арқылы емес, қазак тілінің бағдарламасында берілген әр тақырыпты оқып, білім жүйесін күнделікті арттыру арқылы іс жүзіне асыру керек;

Үшіншіден: оқытушының ізденіс жолдарымен өздері оқытып отырған студенттерінен сұраныс пен талап қоя отырып берілген білімнің сапасын аптасына кем дегенде үш рет мониторинг арқылы жүйелеп, үлгерім процесіне шығару керек.

**Бұл мақала ППС конференциясында оқылды, тындалды, коргалды.**

17.01.2013ж, Химфак. 415 ауд. 43-ғылыми конференция.

Жинаққа ұсынылды.

**Д.Б. Нұрахметов**

**МАТЕМАТИКАЛЫҚ АНАЛИЗ КУРСЫН МЕНГЕРУ ҮШІН MAPLE  
КОМПЬЮТЕРЛІК ПАКЕТІН ҚОЛДАНУ**

Компьютерлік алгебра жүйелері – бұл ғылыми зерттеулер мен білім берудегі жаңа технологиялар. Соңғы жылдарды Maple, Mathematica сияқты жалпы міндеттегі жүйелер кең таралуда.

Maple жүйесі біріктірілген Scientific WorkPlace жүйесіне енгізілген және әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оку орындарында ғылыми зерттеулер мен оку үрдісінде қолданыс табуда. Maple өзегі, кең таралған басқада MathCad, MathLab сияқты пакеттерге кіреді.

Біз бұл жұмыста Maple компьютерлік анализ курсын менгереу үшін қандай қолданыстары барлығы туралы тоқталамыз. 19-ғасырдағы немістің белгілі педагогі, математик А. Дестерверг өзінің бір ойларында нашар ұстаз ақиқатты жайып салатынын, ал жақсы ұстаз ақиқатты табуға үйрететінін дәл басып айтқан екен. Біздің негізгі мақсатымыз студентті математикалық анализ курсының негізгі түсініктері мен тұжырымдарын таныстыра отырып, бұл курс бойынша белгілі білім қорын жинау. Ол үшін алдымен студенттерге алғашқы жұмаларда математикалық анализдің бастапқы негізгі ұғымдары мен кейір негізгі тұжырымдары